ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ
ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ
«КАЗАЛЫ-ЭНЕРГОМЕРА»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ
«КАЗАЛЫ-ЭНЕРГОМЕРА»
КАЗАЛИНСКИЙ РАЙОН
КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ ОБЛАСТЬ

120400, Әйтеке би кенті
Желтоқсан көшесі, 36
тел.факс. 8(72438) 21305
эл.почта: tookazalyenergomera@mail.ru

120400, кент Айтеке би
ул.Желтоксан, 36
тел.факс. 8(72438) 21305
эл.почта: tookazalyenergomera@mail.ru

«13» шілде 2022 ж. № 9 «13» июль 2022 г.

Қызылорда облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті

Қызылорда облысының прокуратурасы

ШАҒЫМ

Ұйымдастырушы: "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ
Орналасқан жері: Казахстан, Кызылорда, БЕЙБАРЫС СУЛТАН 1

Шағымданушы: "Қазалы-Энергомера" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Орналасқан жері: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Желтоқсан, 36

Конкурстың №: 7743759-1;
Конкурстың атауы: Арал қаласының №5 шағын ауданында электр желісінің құрылысы;
Лоттың №: 53038215-ОК1;
Жұмыстардың атауы: Работы по строительству линий электропередач.

Біз, әлеуетті өнім беруші «Энергомера» ЖШС, Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасының Заңы, 9-тарау 47, 48-баптарын басшылыққа ала отырып, жоғарыда аталған конкурс бойынша, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының осы конкурс бойынша шығарған қорытынды хаттамасы нәтижесіне келіспеушілігімізді және оны қалыптастырушы комиссия мүшелерінің іс-әрекетіне шағымымызды білдіреміз.

Себебі, жоғарыда аталған, ашық конкурс тәсілімен өткізілген мемлекеттік сатып алудың 11.07.2022 күнгі жарияланған қорытынды хаттамасы Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары және конкурстық құжаттама талаптары бұзыла отырып жасалған.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілеріне нұсқама төмендегідей:

«Теплоэнергострой» ЖШС бойынша:

Қорытынды хаттаманың нәтижесі бойынша, жеңімпаз болып танылған «Теплоэнергострой» ЖШС-нің ағымдағы жылдың алдындағы соңғы он жылдағы жұмыс тәжірибесіне, ұйымдастырушы "Қызылорда облысының мемлекеттік сатып алу басқармасы" ММ-сі, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын және конкурстық құжаттама талаптарын бұза отырып толық 5 (8,5) балл есептеген.

«Теплоэнергострой» ЖШС-і өз өтінімінде жұмыс тәжірибесін растау үшін, жалпы саны 20 жұмыс тәжірибесін ұсынған. Ал, ұйымдастырушы тараптың комиссия мүшелері осы 20 жұмыс тәжірибесінің 18-ін қабылдаған.

Осы, қабылданған 18 жұмыс тәжірибесінің 11-і Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары және конкурстық құжаттама талаптарын бұза отырып есептелген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларарының 266-шы тармағы, 4-ші бөлігінде:

- *бұрын орындалған жұмыстардың ұқсастығы немесе ұқсас болуы тұрғын үй-азаматтық мақсаттағы объектілердегі жұмыстарды қоспағанда, "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заң) Бірінші санаттағы рұқсаттар (лицензиялар) тізбесінің 5 және 6-бөлімдерінде көзделген лицензияланатын қызмет түрінің тиісті кіші түрінің бір тармақшасында болған жағдайда ескеріледі.* - делінген!

  Тиісінше, Конкурстық құжаттамаға 5-қосымша «Әлеуетті өнім берушіге ұсынылған біліктілік талаптары», конкурстық баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарда, көзделген лицензияланатын қызмет түрінің кіші түрі төмендегідей:

- *Лицензия на строительно-монтажные работы*
  4 Устройство инженерных сетей и систем, включающее капитальный ремонт и реконструкцию, в том числе:
  4 сетей электроснабжения и устройства наружного электроосвещения, внутренних систем электроосвещения и электроотопления.

Бұл жерден шығатын түйін, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушы тарап «Теплоэнергострой» ЖШС-нің 11-жұмыс тәжірибесін, осы конкурстың баға ұсынысына әсер ететін өлшемшарттарда айқындалған, көзделген лицензияланатын қызметтің кіші түрінің біріне жатпасада есепке алып, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары мен конкурстық құжаттама талаптарын өрескел бұзған.

Осы өткізіліп жатқан сатып алу, аты айтып тұрғандай Арал қаласының №5 шағын ауданында электр желісінің құрылысы. Ал, ұйымдастырушы тарабынан қабылданған, «Теплоэнергострой» ЖШС ұсынған 11 нысанның 8-і газ отынымен жылытылатын қазандық құрылысы, 2-і газбен жабдықтау құрылысы, 1-і су және алкогольсіз сусындар құю зауытын салу. Яғни, қағида талабы бойынша, бұл аталған 11 нысан осы өткізіліп жатқан сатып алуға **ұқсас емес** жұмыстар болып саналады. Ұқсас болуы үшін, бұл нысандар, осы сатып алудың конкурстық құжаттамасында көзделген, лицензияланатын қызметтің кіші түрі - *Электрмен жабдықтау желілерін және сыртқы электрмен жарықтандыру құрылғысын, ішкі электрмен жарықтандыру және электрмен жылытудың желілерінін* – бірі болуы тиіс. Яғни, қабылданған 11-нысанның бірде-біреуі электрмен жабдықтау, электрмен жарықтандыру немесе электрмен жылытудың қатарына жатпайды.

Сонымен қатар, аталған 11-нысанның қабылдау актісіндегі атауы конкурстық құжаттамаға 9-қосымша мен электронды депозитаридегі атауларына сәйкес келмейді, электронды депозитарийдегі атауын бұрмалап, кешенді құрылыс етіп көрсету мақсатында қосымша жұмыс түрлерін жазған! Яғни, бұл жұмыс тәжірибелерін, порталдың электронды депозитарий бөлімінде «Кешенді нысан» ретінде бұрмалап көрсетіліп, анық емес ақпарат бере отырып уәкілетті органнан негізсіз «Расталды» мәртебесін алған!

Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңы, 10-шы бап, 1-ші тармағы, 3-ші тармақшасын *(біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.),* және 11-ші бап, 1-ші (Біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушілер немесе өнім берушілер осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізіліміне енгізіледі.) , 2-ші, 3-ші тармақтарын басшылыққа алып шара қолдануларыңызды.

Бұл негізсіз «Расталды» мәртебесін алған жұмыс тәжірибелері, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларарының 274 тармағы бойынша - Құрылыс саласындағы жұмыстарды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын, "Расталды" мәртебесі бар электрондық депозитарийдегі мәліметтер мен құжаттар Заңның 47-бабының тәртібімен шағымдануға жатпайтындығына байланысты,

Сіздерден, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларарының 104-ші тармағының тәртібімен
(Электрондық депозитарийдегі әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесін растайтын мәліметтер мен құжаттарды бұғаттауды уәкілетті органның ведомствосы веб-портал арқылы жіберілген бұғаттауға өтінімдер келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде растайтын құжаттарды қоса бере отырып, ішкі мемлекеттік аудит органдары, оның ішінде тапсырыс беруші, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы ұсынған мәліметтер мен құжаттар негізінде мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың кез келген сатысында жүзеге асырады) **тиісті уәкілетті органға, әлеуетті өнім беруші «Теплоэнергострой» ЖШС-нің өз жұмыс тәжірибелерін, электронды депозитарийде дұрыс емес ақпарат бере отырып «Расталды» мәртебесін алғандығына байланысты, жұмыс тәжірибелерін бұғаттауға веб-портал арқылы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетіне өтінім берулеріңізді сұраймыз!**

Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңы, 10-шы бап, 1-ші тармағы, 3-ші тармақшасын ***(біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беру фактісі анықталғанда біліктілік талаптарына сәйкес келмейді деп танылады.),*** **және 11-ші бап, 1 , 2, 3-ші тармақтарын басшылыққа алып шара қолдануларыңызды.**

Осы аталған негіздемелер бойынша сіздерден, осы мемлекеттік сатып алудың қорытынды хаттамасы нәтижесін, ҚР Заңдары, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидалары және конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес саралап, қайта қаралуына және әділ қорытынды жасалуына ықпал жасауларыңызды сұраймыз.

Осы шағымның көшірмесі ҚР Заңдарының орындалуын қадағалайтын тиісті органға және тиісті жоғарғы тұрған органға қосымша жолданатындығын білдіреміз.

Директор
Н.К.Кулманбетов (ЭЦҚ қойылды)